

Балалардың балабақшаға бейімделуінің қорытындысы

Жаңа оқу жылының басында балалардың балабақшаға бейімделу үдерісі – психологиялық тұрғыдан ең маңызды кезең. Бұл кезеңде бала жаңа әлеуметтік ортаға, тәрбиешіге, күн тәртібіне және құрдастарымен қарым-қатынасқа үйренеді. Психологтың міндеті – бейімделудің жүру ерекшелігін бақылау, қиындықтарды анықтау және ата-ана мен тәрбиешіге уақытылы қолдау көрсету. Берілген есепте топтағы балалардың бейімделу деңгейі, эмоционалдық күйі, мінез-құлық ерекшеліктері, жүргізілген жұмыстар және алынған нәтижелер қамтылған.

2025-2026 оқу жылында «Аққу» бөбекжай» КМҚК-да «Алмұрт» кіші тобына 20 бала қабылданды. Бейімделу кезеңінде диагностикалық әдістер мен бақылау жүргізілді:

- Бейімделу парағы толтырылды
- Эмоциялық жағдайды бағалау (смайлик шкаласы)
- Таңғы қабылдау барысын бақылау
- Ата-анамен қарым-қатынас жасау

Нәтижесінде, кейбір балаларда алғашқы күндері мазасыздық, жылау реакциясы, ата-анамен ажырауда қиындық байқалды. 2-3 апта ішінде балалардың көпшілігінде эмоционалдық жағдайы тұрақтала бастады. Балалардың жартысынан көбі топ ережелерін қабылдап, тәрбиешімен сенімді байланыс орнатты. Әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары біртіндеп қалыптасты.

Бейімделу деңгейі бойынша топтық талдау

Р/с	Баланың аты-жөні	Бейімделу дәрежесі
1	Асхатбекова Айзере	Орташа
2	Аскарова Фатима	Орташа
3	Ағыбай Хақназар	Орташа
4	Алмасбекқызы Айдана	Орташа
5	Алтынбек Айтөре	Жеңіл
6	Бексұлтан Асылым	Жеңіл
7	Бектұрсын Нұрислам	Орташа
8	Бексұлтан Айназ	Жеңіл
9	Дүйсенғали Мұхаммед	Жеңіл
10	Жаңабай Жасмин	Жеңіл
11	Исмагамбетов Рауан	Ауыр
12	Қалабаев Муса	Ауыр
13	Қалабаев Иса	Ауыр
14	Қуандықов Алихан	Жеңіл
15	Мырзабай Бибі-Мәриям	Орташа
16	Рымхан Нұрасыл	Жеңіл
17	Рахманберді Нұрасыл	Жеңіл
18	Серік Арсен	Ауыр
19	Хавасхан Айша	Ауыр
20	Алжанов Дастан	Орташа

Жеңіл бейімделу – 8 бала - 40%

Орташа бейімделу – 7 бала - 35%

Ауыр бейімделу – 5 бала - 25%

Топта жүргізілген жұмыстар: Танысу ойындары «Менің атым...», Қарым-қатынасқа бағытталған тренинг элементтері, Қозғалыс және зейінді алаңдататын ойындар, топ ішінде жағымды эмоционалдық атмосфера қалыптастыру.

Педагогтарға психологиялық кеңестер берілді.(Қоштасу техникасы, мейірімді қабылдау, эмоционалдық қолдау)

Ата-аналарға «Бейімделуге арналған ақпараттық парақшалар» тарату. Жалпы ата-аналар жиналысында «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес беріліп, Бейімделу деңгейі бойынша топтық талдау нәтижесі айтылды. Қажет жағдайда қайта кеңес алу ұсынылды.

Бейімделуі қиын балаларға психологиялық қолдау жиілетілді, тәрбиешімен бірлескен бақылау күшейтілді. Нәтижесінде балалардың көпшілігінде мазасыздық деңгейі төмендеп, топқа үйрену динамикасы оң бағыт алды.

Бейімделу жалпы түрде бірқалыпты өтті, қиындықтар байқалған балалармен мақсатты жұмыс ұйымдастырылды.

Ұсыныстар

Тәрбиешілерге:

- Жеке көңіл талап ететін балаларға эмоционалды қолдау көрсету.
- Топтағы тұрақты және тыныш атмосфераны сақтау.
- Балалар арасындағы жағымды қарым-қатынасты ынталандыру.

Ата -аналарға:

- Үйде баланың күн тәртібін сақтау.
- Таңертең ұзақ қоштасуды болдырмау.
- Баланың эмоциясын қабылдау және қолдау.